



Балалар өкілдіктері қызметінің моделі



Модель деятельности детских представительств





Бекітемін:


«Ақмырза ауылының ЖОББ мектебі» КММ

директоры: Абақова К.Ш

« » 2021 жыл

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Ақмырза ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Балалар өкілдіктерінің құрамы**

| № | Ата-жөні | Сынып |
|---|--|--------|
| 1 | Ертаев Диас – төрағасы | 10 «А» |
| 2 | Серикболат Мырзабек – төрағаның орынбасары | 7 «А» |
| 3 | Хавдулнасирқызы Айдана | 9 «А» |
| 4 | Сатайбаева Жанара | 9 «А» |
| 5 | Елубаева Айымгуль | 9 «А» |
| 6 | Сериков Нурсултан | 10 «А» |
| 7 | Аманжолова Дильнара | 9 «А» |
| 8 | Рукашев Рамазан | 10 «А» |

« Бекітемін »
« Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Ақмырза ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі» ММ директоры

К.Абакова

**ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БАЛАЛАР ӨКІЛДІГІНІҢ
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН**

Балалар өкілдігі жұмысының негізгі мақсаттары:

- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- балалардың қоғам мен мемлекет өміріне қатысуының өзекті мәселелерін шешуге көмек көрсету; балалардың әлеуметтік бастамалары мен балалардың қоғамдық бірлестіктерін балалардың, қоғамның және мемлекеттің игілігі үшін қолдау.
- балалық шақтың өзекті мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жасауға қатысуға балалардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін тарту;
- балалар ортасында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына сәйкес жоғары адамгершілік, рухани және құқықтық мәдениетті, патриоттық сезімді, азаматтық жетілу мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру.

| № | Іс--шара | мерзімі | жауапты | аяқтау формасы |
|---|--|------------|-----------------------------------|---|
| 1 | Жұмыс жоспарын бекіту және қабылдау | наурыз | Макаева Э.Т., ТЖО | Қосалқы құжаттар мен фотосуреттерді (скриншот) ұсына отырып, АББ-не ақпарат |
| 2 | Онлайн «Адам құқықтары және баланың құқықтары» тақырыптық әдебиеттер көрмелері | Жыл ішінде | А.Бекмағамбетова З.Салимова | АББ-не ақпарат |
| 3 | Ақпараттық буклеттер, жадынамалар, «БҰҰ-ның балалар құқығы туралы конвенциясы - балалардың бүкіләлемдік конституциясы», «Мен Қазақстан азаматымын», «баланың құқықтары», «Мен және менің құқықтарым» және т.б. | Жыл ішінде | Макаева Э.Т., А.Бекмағамбетова | АББ-не ақпарат |

| | | | | |
|----|--|------------|--------------------------------------|----------------|
| 4 | «Бала құқықтары туралы Конвенция», «Бала құқықтарының Декларациясы» құжаттары бойынша жалпыға бірдей құқықтық оқу (1-11 сынып) | Жыл ішінде | А.Бекмағамбетова Сынып жетекшілер | АББ-не ақпарат |
| 5 | Онлайн викторина «Мен өз құқығымды білемін» (1-11 сынып) | Жыл ішінде | А.Бекмағамбетова Сынып жетекшілер | АББ-не ақпарат |
| 6 | «Біздің құқықтарымыз суреттерде» атты қашықтан сурет байқауы (5-6-7 сынып) | Сәуір | А.Бекмағамбетова К.Татымбетова | АББ-не ақпарат |
| 7 | «Менің құқығым бар» тренингі (8-9 сынып) | Сәуір | Сынып жетекшілер | АББ-не ақпарат |
| 8 | Онлайн - сұхбат «Әркімнің құқығы бар» (10-11 сынып) | Сәуір | Сынып жетекшілер | АББ-не ақпарат |
| 9 | Ересектерге арналған жүз сұрақ «Баланы қорлау: бұл не?» | Мамыр | А.Бекмағамбетова М.Шавалиева | АББ-не ақпарат |
| 10 | Балаларды қорғау күні. | Маусым | А.Бекмағамбетова З.Салимова | АББ-не ақпарат |

Директордың ТЖО:



А.Бекмағамбетова

Ақмырза ауылының жалпы орта білім беретін мектебі
2021-2022 оқу жылындағы
Құқық кеңесінің отырысының

ХАТТАМА № 1

Қатыскандар: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: ----

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі.
2. Мектепшілік алдын алу кеңесін құру, жоспарын құру
3. Мектепшілік қадағалаудағы тұрған оқушыларымен жұмыс.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Бекмағамбетова сөйледі. Ол 2020-2021 оқу жылында кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталды.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексеру мақсатында тест, сауалнама «Адам құқықтары мен бостандықтары», «Бала құқығы» заңды талдау жүргізілді.

Құқық тәрбиесі, қылмысқа қарсы күрес, құқық қорғау, зиянды заттар, маскүнемдік және алкогольизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттар, сайыс, кештердің көбірек болуына көңіл аудару керектігін айтты.

2-мәселе бойынша жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу жұмыстарын жүргізу мақсатында 2020-2021 оқу жылында құқық бұзушылыққа қарсы құқық кеңесі (алдын алу кеңесі) төмендегі құрамда құрылғанын айтып өтілді.

1. К.Ш.Абакова – құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры
2. А.Ж – төраға орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. З.Д.Салимова - кеңес хатшысы

Кеңес мүшелері :

- 1) Аманбай А. - мектеп психологі
- 2) Абылхаиров М.Х. - АӘД мұғалімі
- 3) Шавалиева М.Ш- құқық пәнінің мұғалімі
- 4) Татымбетова К.М. - ата-аналар комитетінің төрайымы

3-мәселе бойынша мектептегі қиын, тәртібі нашар оқушыларды ерекше тізімге алып, тәлімгерлер белгілеп, оларды сабақтан тыс мектепшілік үйірме жұмыстарына қатыстырып, бақылауға алу, тәртібі қиын топқа жататын балалармен психологиялық-педагогикалық тұрғыдан диагностика жасау жоспарланғанын атап өтті.

Қылмысқа қарсы күрес жөнінде кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне тоқталды.

Тәртібінде ауытқуы бар қиын оқушылардың жанұясын зерттеу мектеп психологы мен класс жетекшілеріне жүктелетіндігін, жат, келеңсіз жағдайлар кездескен жағдайды болдырмаудың жолын қарастыру мақсатында ішкі істер бөлімімен үнемі байланыста болу керектігіне тоқталды.

Сабакқа сирек қатысатын, тәрбиесінде ауытқуы бар оқушылардың класс жетекшілерімен бірлесе отырып жұмыс жүргізу кеңес мүшелеріне тапсырылды.

Шешім:

Өткен оқу жындығы кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

1. Құқық кеңесінің жоспары бекітілсін.
2. Мектепшілік тәртібі нашар баланың Талғат Ерасыл, 2 «а» мектеп психологтары, сынып жетекшілері, тәлімгерлері осы аталған оқушымен жұмыс жасасын.

Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы:

 К.Ш.Абакова

 А.Ж.Бекмағамбетова

 З.Д.Салимова

Ақмырза ауылының жалпы орта білім беретін мектебі
2021-2022 оқу жылындағы
Құқық кеңесінің отырысының

ХАТТАМА № 2

2021 жыл 29 қазан
Қатысқандар: кеңес мүшелері

Күн тәртібінде :

1. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескене жұмыстың жоспарын талқылау, бекіту
2. Мектепшілік оқушылармен жұмыс

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектепте құқық кеңесін құрып, оның жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп және жасөспірімдер бөлімшесімен бірге келісілген іс-шара жоспарымен таныстырды. Оны іс-жүзінде асыру жолдарына тоқталды. Жоспар бойынша құқық тәрбиесі, маскүнемдік және алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттары, дебат, ринг, сайыс, конференция, кештер әр – түрлі ойындар өткізу керектігін айтты.

Кәмелетке толмаған балалар бөлімінде тізімде тұрған бала жоқ. Тәртібі нашар балалардың (76 сыныбы) қазіргі уақыттағы тәртібіне тоқталды. Мұндай жағдай қайталанған жағдайда бұл мәселе педагогикалық кеңесте қаралатынын айтты.

«Алкоголизмге, таксикоманияға, есірткеге қарсы алдын ала шараларын ұйымдастыру» жұмыстарын жүргізу бұйрығымен, іс-шара жоспарымен таныстырды. жауапты адамдарды бекітті. терроризм, діни экстремизм құбылыстарына қарсы шаралар қолдану іс-шара жоспарымен таныстырды.

Мектепте қиын, тәртібі нашар оқушыларды ерекше тізімге алу, тәлімгерлер белгілеп оларды сабақтан тыс мектепшілік үйірме жұмыстарына қатыстырып, бақылауға алуды сынып жетекшілеріне тапсырды.




Жаңалық ауылындағы «Жаңалық», «Қаһарман», «Алдияр» дүкендерін және ауылдағы жастар жиналатын орындарды бақылауға алып, мұғалімдер бірге кезекшілік кестесін жасап оны іске асыру жолдары қарастырылды.

«Жастар және заң» дөңгелек стол ақпан айында өткізу, «Дарынды» оқушылардың тарих, құқық және басқа пәндер бойынша баяндамалар және суреттер өре бәйгесін өткізу жоспарланды.

2-мәселе бойынша бойынша сынып жетекшілер мәлімдемесі бойынша, кезекші мұғалімдер мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан мектепте ешқандай ескерту алған бала жоқ. Оқушылар сабақты себепсіз жібермейді, кешікпейді.

Шешім:

1. Аудандық кәметтік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескен жұмыстың жоспары бекітілсін
2. Мектепшілік оқушылардың тәртібін үнемі қадағалансын.

Мектеп директоры:  К.Ш.Абакова
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Ж.Бекмагмбетова
Хатшы:  З.Д.Салимова



Ақмырза ауылының жалпы орта білім беретін мектебі
2021-2022 оқу жылындағы
Құқық кеңесінің отырысының

ХАТТАМА № 3

2021 жыл 26 қараша
Қатыскандар: кеңес мүшелері

Күн тәртібінде :

1. Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу
2. 1-жартыжылдықтағы үлгерімі мен тәртібі туралы
3. «Қыз өссе елдің көркі» Аманбай А

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Бекмагамбетова А.Ж. күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өткеннен соң:

ҚР-ның Білім және Ғылым Министірілігінің 27.02.07 ж. №12-4 – 2/229 бұйрығына сәйкес және Құқықтық тәрбие жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес 7-11 сыныптар арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 7-11 сыныптар арасынан 45 бала анкета жазды.




Барлық оқушылар құқық заңдарын оқып үйренген. Бала құқығын қорғауда сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар, «Қылмыс неден туындайды?» пікірталас, «Бала құқығы мен міндеттері», «Оқушылардың міндеттер мен құқықтарының кодексі» лекция оқылды. «Ғасыр індеті» сот сабағы, «Бала құқығы» туралы заң (5-7 кл.) талқыланды. 8-11 кл. оқушылары «Бала және отбасы құқығы жайлы халықаралық құжаттармен» таныстырылды.

2-мәселе бойынша : 1-жартыжылдықтағы үлгерімі мен тәртібі туралы Майлыбаев Ш.Е кысқаша мілемет айтып

3-мәселе бойынша жантанушы Аманбай А баяндама жасады. Ол өз баяндамасында қыздар тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Тоқсан сайын жалпы қыздар жиналысы өтілетіні айтылып өтті. Баяндамаға байланысты қыздар өз пікірлерін ортаға салды.

Шешім:



1. Қараша айында өткізілген құқық айлығының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушыларды сабаққа қатысуы, үлгерімі мен тәртібі үнемі қадағалансын.
3. Қыздар тәрбиесі бақылауға алынсын, оны қадағалау Аманбай А жүктелсін.

Мектеп директоры:  К.Ш.Абакова
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Ж.Бекмагамбетова
Хатшы:  З.Д.Салимова



Шешімі:

1. Оқушылар осы уақтан бастап сабақтан қалмайтын болсын, егер қалса класс жетекшілер себебін анықтап мәлімет беретін болсын.
2. Сабақтан көп қалатын оқушылармен класс жетекшілер психологпен бірлесе отырып, жұмыс жүргісін.
3. Ұлдар тәрбиесіне көп көңіл бөліп, ұлдар кеңесінің жұмысын одан әрі жандандырылсын.

Мектеп директоры:  К.Ш:Абакова
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Ж.Бекмагамбетова

Хатшы:  З.Д.Салимова

